Во исполнение данного на заседании Правительства Республики Казахстан 27 сентября 2010 года поручения Премьер-Министра РК К.Масимова о проведении работы по формированию продовольственных запасов урожая 2010 года, созданию стабилизационных фондов, заключению меморандумов в целях сдерживания цен на хлеб, заключены меморандумы между районным акиматом и ТОО «Акнар» по реализации муки из стабилизационного фонда по цене 45 тенге за кг; районным отделом предпринимательства и индивидуальными предпринимателями - производителями по отпуску хлеба первого сорта по магазинам райцентра по цене 36 тенге за буханку весом не ниже 600 грамм. По торговым точкам райцентра хлеб первого сорта реализуется по цене 38 тенге за буханку. В центре п. Кивка на рынке «Салтанат» хлеб первого сорта продается по цене производителя 38-тенге за буханку.

Ж.Мухамеджанов, начальник отдела предпринимательства

Дінің тұрсын дін аман

Ауыл мешіті - имандылық пен тәрбие орны

Бисмиллаһи-р рахмани-р рахим Хат жаздым «егер қайыры болса» дегенді сіздердің «Нұра» газеттеріңіз арқылы мына бір жәйтті айтайын деген едім, қарап отырсам Щербаров ауылынан басқа қазақ ауылдардың тіпті жағдайы жоқ ауылдарда мешіттер бар екен. Мешіт арабша «Месжид» - сөжде ететін яғни, Аллаға бас иіп, құлшылық жасайтын орын дегенді білдіреді. Аллаһ тағала құранда «шын мәнінде мешіттер Алланикі» деген (жын сүресі, 18 аят).

Щербаров ауылында 1300 адам саны бар. Соның 680 қазақтар. Қасиетті рамазан айында имамымыз «Қайнар» ЖШС-нен бір бөлме алып тарауық намазын сонда еткізіп жүрміз. Ауылымызда бір-бір «Джип» мініп, ірілің-ұсақты дүкен ұстап, мал өсіріп, егін егіп жүрген небір мәрт жігіттер мен қыздарымыз баршылық. Алланың нұра жауып, Алла тағала еңбектеріне жеміс берсін, ауылымыз көркей берсін, ауылымыздың әр азаматы ұл-қыздары иманды болса арман бар ма!

Бұл жалған дүниеде мәңгі жасайтын ешкім жоқ, ал ана дүние есігін ашқан кезде қабірде әркіміме: Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім? деген сұрақтар қойылады, бұл сұрақтарға шынайы иман иесісі болып амалы иманына сай болған адам ғана мүдірмей жауап бере алады, ал иманға қарағанда ақша мен дүниені, сауықсайран мен қызық қууды артық көргендер сұрақтарға жауап бере алмай кібірткітеп қана қоймай қабір азабы мен тозақ отына душар болары хақ. Өйткені Алла тағала бізді өзіне құлшылық етуіміз үшін осы сынақ өмірге жібереді. Тіршіліктің түбі өлімнен аяқталмай адам мәңгі өмір үшін жаратылып, біріміз жалған өткіңші дүниенің қиындығына шыдап, мәңгі өмірдің рахатына беленсек, біріміз алдамшы өмірдің қызықтырына қызығып мәңгі жәннаттан құр қалып, азап-дозаққа түсеріміз хақ.

Пайғамбарымыз Мұхаммед с.һ.с., оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, өз хадисінде «Адам қайтыс болғанда амалдары тоқтайды,

үш амалынан басқасы: көпшілікке пайдалы артында қалдырған ісі (мешіт, жол салу т.с.с.) пайдалы білімі: өзіне дұға жасайтын тура жолдағы (иманды, намаз оқытын) ұрпағы дейді. Міне, ағайын, ауылымыздың жігіттері мен қыздары ел болып, «көптүкірсе көл» деген аталарымыз, ауылымызға Алла үйі мешіт салуды қолға алайық...

«Лә иллаһә иллә Аллаһ, Мұхаммадур расулуллаһ» - Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммад Алланың елшісі деп айтып мұсылмандар қатарынан табылып, өмірден өтпей тұрып, өмірге не үшін келгенімізді ойланып, қамшының сабындай қысқа ғұмырды құлшылықпен (иман, намаз, жақсы амалдармен) еткізгіңіз ағайын.

Аллаһ тағала бізді не үшін жаратқанын құранда былай хабарлайды: «Жындар мен адамдарды тек қана өзіме құлшылықтың қылулары үшін жараттым» - Зарият сүресі 56 аят.

Құлшылық қартайғанда қылынатын қарекет емес, жастық шақта бойда күш буырқанып тұрғанда сол күшті қунаға жұмсамай тежеп, жақсы амалдарды атқаруға жұмсау.

«Біз – тегіміз Түркі, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек. Халық Алласына, тәңірге сеніп, ертеңгі күнін ар жақтағы ана дүниеде баратын күнін ойлап, дүниедегі мынау бүгінгі күйбеңмен жүре бермей, Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Хадистеріне сәйкес өмір сүрсе деймін» - деп ел ағасы Нұрсұлтан Назарбаев ағамыз айтқандай, құран Кәрімді насихаттайтын орын – мешітшілік болу керек қой.

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, ал адамшылықтың қарызы үшін еңбек етсең, Аллаһтың сүйген құлының бірі боласың»,- деп дана Абай атамның айтқан сезімен тәмамданып келіп отыр. Ойланайық, ағайын!

Шалтегі Ахметжан Қамзеулы, Щербаров ауылы

Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

- 9. Отбасының жиынтық табысын есептегенде есепке алынатын табыс түрлері
32. Отбасының жиынтық табысын есептегенде, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсан алдындағы тоқсанда нақты алынған ақшалай және заттай табыс түрлері есепке алынады:
1) еңбекақы түріндегі табыс;
2) зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақылар және әлеуметтік төлемдер;
3) балаларға және асырауындағыларға төленетін алимент түріндегі табыс;
4) 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы;
5) жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс;
6) жиынтық табысты есептегенде ескерілетін басқа да табыс түрлері.
33. Еңбекақы түріндегі табыстар:
1) еңбекақының барлық түрлері, соның ішінде келісімдік, уақытша, сондай-ақ сыйақы, үстемеақы, негізгі және қосымша жұмыс орны бойынша ақшалай және заттай қосымша ақы (қаржыландыру кездеріне тәуелсіз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жұмыскерлердің еңбекақысы сақталатын кезеңде заңнамаға сай оларға төленетін ақшалай сомаларды қоса алғанда);
2) еңбек демалысы кезінде сақталатын еңбекақысы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін төленетін ақшалай өтемақы;
3) ұйымның (занды тұлға) таратылу немесе жұмыс берушінің (жеке тұлға) қызметін тоқтату, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген келеме жұмыскерлердің саны немесе штатының қысқару жағдайында жеке еңбек шартын бұзу кезінде төленетін өтемақылар;
4) уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды атқару кезіндегі еңбекақысы;
5) маусымдық жұмыстарға қамтылған жұмыскерлердің еңбекақысы алу кезінде отбасының жиынтық табысына есепке алынады. Еңбекақының болмау кезінде жиынтық табыс оны есепке алмай есептеледі;
6) сақтандыру агенттеріне және брокерлерге төленетін депдалдық сыйақы;
7) еңбекақыны есептеуде есепке алынбайтын және ұйым қаражатын есебінен төленетін (оқу демалысының төлемі, авторлық гонорар, қарыз, несие, ашқан жаналығы, өнертабысы және тиімді ұсыныстары үшін сыйақы) төлемдердің басқа түрлері;
8) отбасы құрамында есепке алынбайтындықтан, жедел қызметтегі, соның ішінде әскери-құрылыс отрядтарында қызмет атқарып жүрген әскери қызметкерлердің ақшалай үлесін қоспағанда, келісім-шарт бойынша қызмет ететін әскери қызметкерлер және ішкі істер органдарының саптары және басшы құрамындағы тұлғалар, сондай-ақ оларға теңестірілген азаматтар санаттарының ақшалай үлесі үстемеақы мен қосымша ақылары есепке алынып отырып, отбасының жиынтық табысына енгізіледі;
9) шет елде жұмыс істейтін және отбасы құрамында есепке алынған тұлғалардың жиынтық табысындағы еңбекақысы ұлттық және шет ел валютасында есепке алынады. Осы жағдайда шет ел валютасында алынған табыс отбасының жиынтық табысын анықтау кезінде Ұлттық Банк белгілеген бағам бойынша ұлттық валютада есептеледі;
10) егер Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге немесе оқуға келген және отбасы құрамында есепке алынған шет ел азаматымен некеге тіркелген болса, отбасының жиынтық табысы Қазақстан Республикасының азаматының табысынан және отбасының жиынтық табысын анықтау кезінде Қазақстан Республикасында алынған ұлттық, сондай-ақ Ұлттық Банк белгілеген бағам бойынша ұлттық валютада есептелінген шет ел валютасында алынған шет ел азаматының табысына белгіленеді;
11) авторлық гонорар (шарттар болмағанда), сондай-ақ ашқан жаналығы, өнертабысы және тиімді ұсыныстары үшін алған сыйақы гонорар сомасын 12 айға бөлуден алған үлес мөлшерінде отбасының жиынтық табысына ай сайын енгізіліп отырады;
12) өтелген несие, қарыз сомасы жиынтық табысқа енгізіледі және оларды өтеу (бөлшектеп өтеу кезінде төленген сома және несие, қарыз беру мерзіміне сәйкес) сәтіннен бастап несие беру мерзіміне бөлінеді;
13) Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың кешірімсіз, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде растайды. Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай бамада қосылады;
14) Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен расталады;
15) Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады. Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады;
16) азаматтық-құқықтық шарттар (мердігерлік) бойынша жұмыс жасаушы тұлғалардың табысы шарт әрекетінің барлық кезеңі бойынша қосылады. Алынған табыс жұмыс жасау үшін шартта көрсетілген ай санына бөлінеді және есептеу кезеңіне сәйкес келетін айлар үшін жиынтық табыста есептеледі;
17) салық комитетінде тіркелген өздігінен жұмыспен қамтылған тұлғалардың жиынтық табысында олардың салық комитетімен расталған анықтамадағы табысы есепке алынады;
18) арнайы салық тәртібі жағдайында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың табыстары бір жолғы талон, патент, оңайталдық декларация негізінде расталады;
19) жұмыс берушінің кесірінен бос тұрып қалу уақытына ақы төлеусіз бір айдан артық уақыт жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген адамдардың жиынтық табысын есептегенде өзі көрсеткен табысы ескеріледі. Еңбекақы түрінде алынған табыстар олардың мөлшері жөніндегі анықтамалармен расталады.
34. Зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер:
1) Қазақстан Республикасының заңдарымен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте тағайындалатын зейнетақының барлық түрлері және оларға өтемақылық төлемдер;
2) мүгедектікке, асыраушысынан айрылу жағдайы және жас мөлшері бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
3) арнайы мемлекеттік жәрдемақылар;
4) жер асты және ашық тау-кен жұмыстарында, сондай-ақ аса зиянды және ауыр еңбек жағдайында жұмыс жасаған тұлғаларға арнайы мемлекеттік жәрдемақылар;
5) төлем кездеріне тәуелсіз студенттерге, оқушыларға, аспиранттарға, докторанттарға, басқа оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін шәкіртақы. Орта білім беру жүйесінде оқитын, сондай-ақ жоғары және орташа арнайы білім беру орындарында күндізгі бөлімде ақылы негізде, шәкіртақы алмай оқитын студенттердің жиынтық табысына студенттің ерікті түрде көрсеткен табысы есептеледі;
6) уақытша еңбекке қабілетсіздік бойынша жәрдемақы

- (соның ішінде бала күтімі бойынша);
7) жұктілік және босану бойынша жәрдемақы;
8) жергілікті уәкілетті және атқарушы органдардың шешімі бойынша бюджеттен берілетін тұрақты төлемдер;
9) жүріп-тұрысында қиыншылықтары бар бірінші топ мүгедектері үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтеріне ақы төлеу;
10) алушының жазбаша өтініші бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін материалдық көмек және біржолғы төлемдер;
11) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін әлеуметтік төлемдер;
12) жұмыс берушінің қаражаты есебінен әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жәрдемақы;
13) бір жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы;
14) мүгедек балаларды тәрбиелеушілерге берілетін мемлекеттік жәрдемақы.
Әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар олардың мөлшері жөніндегі анықтамалармен расталады.
35. Балаларға және асыраудағыларға төленетін алимент түріндегі табыстар:
1) алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің еңбекақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттердің қосымша сомалары оларды алу уақытына сай жиынтық табыста есептеледі;
2) ата-ананың арасындағы неке бұзылған кезде, ері (зайыбы) балаларға алимент төлеу жағдайында тұрғын үй көмегін тағайындайды. Алимент өндіруге қарсылық білдірілсе, отбасы жәрдемақы алу құқығынан айрылады;
3) төлеуші жұмыс істемеген және уәкілетті органдар жұмыссыз ретінде тіркелмеген, бас еркінен айыру орындарында немесе уақытша қамау орнында, емделуде немесе туберкулез, психоневрологиялық диспансерлерде, емдеу-еңбек профилакторийінде есепте тұрған, Қазақстан Республикасының тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге тұрақты мекенжайға орналасуға кеткен немесе іздеу салынған жағдайда, отбасының жиынтық табысы тиісті органдар растайтын құжаттар қоса ұсынылған жазбаша өтініш негізінде есептеледі;
4) алимент бойынша қарыздар пайда болған жағдайда, жиынтық табыс алименттерді өсіпке алмай, сот орындаушысының қарыздар жөніндегі ұйғарымы қоса ұсынылып есептеледі;
5) егер ата-ана арасындағы неке бұзылмаса, бірақ ерлі-зайыпты адамдардың бірінен алимент өндірілген болса, осы ерлі-зайыпты адамның отбасымен бірге тұрса, жиынтық табыста оның табысы толық есепке алынады. Ерлі-зайыптылардың бөлек тұруы жағдайында, отбасының жиынтық табысында алименттер есепке алынады;
6) қамқорлық рәсімделген балаларға алимент төленбеген жағдайда, ата-анасынан алимент алу жөніндегі анықтаманы ұсынбай, жиынтық табыс есептеледі;
7) балаларға және асырауындағыларға алынған алименттер ұйымдардың алименттерді аударуы жөніндегі анықтамаларымен немесе алынған алименттер жөніндегі пошталық аударымдар түбіртегімен, сондай-ақ өндіру туралы сот органдарының шешімі қоса ұсынылып, жазбаша өтініш негізінде расталады.
36. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыстар:
1) ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру, мал және құс ұстау және өсіру арқылы жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыс (саябақ төлімдерінен алынатын табысты есептегенде) өр отбасы бойынша өтініш берушінің жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі және көлемі жөніндегі мөлшерлері негізінде есептеледі;
2) жылдық жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табысты осы Ереженің 5, 6, 7 қосымшалары негізінде уәкілетті орган есептейді;
3) жердің бір сотығынан (бір бастан) өндірілетін өнім құны өсірілетін дақылдардың (қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігі) орташа өнімділігін 5 қосымшаға сәйкес өнімнің 1 килограмм орташа бағасына көбейту жолымен анықталады;
4) екі немесе одан да көп отбасылар қолданатын жеке қосалқы шаруашылықтан, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалығынан алынатын табыстар осы шаруашылықта жұмыс істейтін отбасы мүшелерінің санына пропорционал өр отбасы бойынша бөлініп есептеледі;
5) отбасының жиынтық табысында тоқсан ішінде жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыс есептеледі. Отбасының жиынтық табысында тоқсан ішінде жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табысы жылдық жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табысты төрт тоқсанға бөлу жолымен анықталады;
6) табысты есептеу үшін Қарағанды облысының статистика басқармасының деректері негізінде Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынған Қарағанды облысында қалыптасқан есімдік және мал шаруашылығы өнімдері бойынша өткен жылғы орташа жылдық бағалар пайдаланылады;
7) жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыстардың жеке нормативтік есептеу карточкасы өтініш берушінің мөлшерлері негізінде отбасының жиынтық табысына есеп жүргізетін тұлға арқылы толтырылады.
37. Жиынтық табысты есептегенде есепке алынатын басқа да табыстар:
1) жылжымайтын мүлік және көлік құралдарын жалға беру;
2) жылжымайтын мүлік және көлік құралдарын сату;
3) жылжымайтын мүлік, көлік құралдарын және басқа мүлкікті сыйға беру, мұраға алу түрінде;
4) салымдар және борыштық құнды қағаздарды есепке ала отырып, лоторея, ұтыс бойынша алынған заттай және (немесе) ақшалай түрдегі ұтыстар;
5) туысқандар мен жақын адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құндық түрде) қосқанда көрсетілетін табыстар;
6) жылжымайтын мүлік және көлік құралдарын жалға беруден алынған ресми түрде расталмаған табыстар айына төменгі еңбекақы мөлшерінен төмен есептелемейді;
7) жылжымайтын мүлік және көлік құралдарын сатудан түскен табыс 12 айға бөлінеді және оның сәйкес бөлігі есептік кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа енгізіледі;
8) басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, отбасының жиынтық табысында тұрғын үй (көлік құралын) сатқаннан түскен сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралын) құны арасындағы айырмашылық есепке алынады;
9) несие төлемдері отбасының жиынтық табысының 60% асатын болса, төленген кредит сомалары. Сонымен қоса жиынтық табысқа ай сайынғы төлем мөлшері мен отбасының жиынтық табысының 60% арасындағы айырмашылық ескеріледі. Көрсетілген табыстар алу уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.
10. Отбасының жиынтық табысын есептегенде ескерілмейтін табыс түрлері
38. Отбасының жиынтық табысын есептегенде ескерілмейтін табыс түрлері:
1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
2) тұрғын үй көмегі;
3) бала туғанда берілетін жәрдемақы;
4) мемлекет бастамасымен (мерекелерге және мерейтойларға қарсы) көрсетілетін көмек;
5) жеке ісін ашуға көрсетілетін көмек;
6) негізгі азық-түлік тауарларына бағалардың қымбаттауына байланысты Нұра ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына көрсетілетін ай сайынғы әлеуметтік көмек;
7) жерлуге берілетін біржолғы жәрдемақы;
8) отбасының бір мүшесі сол отбасында тұрмайтын

- адамға төлейтін алименттері;
9) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протез жасатуына жолжақысын төлеу;
10) протез жасату кезінде азаматтарды асырау;
11) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге жеңілдікпен жол жүруінің құны;
12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: емдік препараттар, санаторлық-курорттық емдеу, протездік-ортопедиялық бұйымдар (өзірлеу және жөндеу), қозғалыс құралдары (кресло-арба) және мүгедектерге берілетін оңалтудың өзге де құралдары, оқу кезінде оқушыларға берілетін тегін ас түрінде көрсетілетін көмектің заттай түрлері;
13) ақшалай және заттай түрде (бағалы құны) көрсетілетін қайырымдылық көмегі;
14) төтенше жағдайлардың салдарынан денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды өтеу үшін көрсетілген біржолғы көмек;
15) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін, мүгедектерге арнайы келікте қызмет көрсетуге материалдық (әлеуметтік) көмек;
16) мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақы төлемдері;
17) азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүруге әлеуметтік жолжақы билетінің құны түрінде берілетін әлеуметтік көмек;
18) үйде оқылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға төленетін материалдық қамсыздандыру;
19) бөгде адамның көмегіне мұқтаж бірінші, екінші топтағы жалғызбасты мүгедектердің күтіміне мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша үстемеақы.
3. Ыстық су
4. Суық су
5. Көріз
6. Электр энергиясымен қамтамасыз ету
7. Газ
8. Қоқыс шығару
9. Телефонға абоненттік төлем
Маманның қолы _____ Қабылданған күні _____
Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне 5 қосымша
Дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы
Есімдік шаруашылығының өнімі
Өнім Жердің Жердің 1 кг
1 соткасының орташа түсімі, кг 1 сотқасына жұмсалған орташа деңгейі, теңге өнімнің орташа бағасы теңге
1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2 баған х 4 бағанға) 1 сотка жөрден түскен табыс(+) шығыс(-) теңге (5 баған-3 баған)
1 2 3 4 5 6
1 Бидай
Арпа
Қарамақ
Жүгері
Көп жылдық шөптер
Бір жылдық шөптер
Картоп
Көкөністер
Бақшалар
Шекілдеуі бақтары
Сүйекті жеміс бақтары
Жүзім
Жүзім
Мал шаруашылығының өнімі
Өнім 1 бастан алынатын орташа өнімділік, кг (л) 1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге 1 килограмм өнімнің (1 литр, 10 дана жұмыртқаның) орташа бағасы, теңге
1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2 баған х4 бағанға) 2 3 4 5 6
1 Сүтті ірі қара мал (сүт)
Етті ірі қара мал (сыыр өті)
Шошқалар (шошқа өті)
Қойлар, өшкілер (өт/жүн)
Жылқы (жылқы өті)
Түйе (түйе өті)
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)
Етті құс (құс өті)
Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне 6 қосымша
Азық-түлікті пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы
Малдардың түрі Өлшем бірлігі Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі қара мал Ай 25
Қойлар мен өшкілер Ай 12
Шошқалар Ай 10
Жылқылар Ай 16
Түйелер Ай 18
Жұмыртқалайтын құс Құн 195
Етті құс Құн 125
Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне 7 қосымша
Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің үлгі және нормативтік карточкасы
Өтініш берушінің Т.А.Ө. _____ облыс, аудан _____ үйінің мекенжайы _____
Ауыл шаруа шылығы дақыл дарының, үй мал дарының, құстары ның түрлері жер, сотқа, мал басы, саны жылына түсетін табыс нормативі, теңге бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай
Арпа
Дөні алынатын жүгері
Құраш
Қарамақ
Картоп
Көкөністер
Бақшалар
Құнбағыс
Қант қызылшасы
Темекі
Шекілдеуі бақтары
Сүйекті жеміс бақтары
Жемістер
Жүзім
Көп жылдық шөп
Бір жылдық шөп
Жасыл жөмге берілетін жүгері
Сүтті ірі қара мал
Етті ірі қара мал
Шошқалар
Қойлар мен өшкілер
Жылқылар
Түйелер
Жұмыртқалайтын құс
Етті құс
Жыны: бір жылғы табыс
Жыны: бір тоқсандағы табыс
20 ж. « »
Т.А.Ө. _____
(Есепті жасаған тұлғаның Т.А.Ө. және қолы)

- Азамат (ша) _____ оның _____ көшесі (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер _____ мекенжайы бойынша тұратындығын растау үшін берілді. Отбасы құрамы _____ адам. Тұратын алаңы _____ шаршы метр. Пәтерге (үйге) құқығын белгілейтін құжат № _____ Тұрғын үй иесімен бірге келесі адамдар тұрады: Т.А.Ө. Туған жылы: _____ Туыстығы: _____ Қай уақыттан бері тұрады: _____ Анықтама азаматтарды тіркеу кітабының негізінде толтырылды. Маманның қолы _____ Қабылдау мерзімі _____
Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне 2 қосымша
Отбасы құрамы мен тұрғын үй алаңының жалпы ауданы туралы анықтама
Азамат (ша) _____ оның _____ көшесі (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер _____ мекенжайы бойынша тұратындығын растау үшін берілді. Отбасы құрамы _____ адам. Тұратын алаңы _____ шаршы метр. Пәтерге (үйге) құқығын белгілейтін құжат № _____ Тұрғын үй иесімен бірге келесі адамдар тұрады: Т.А.Ө. Туған жылы: _____ Туыстығы: _____ Қай уақыттан бері тұрады: _____ Анықтама азаматтарды тіркеу кітабының негізінде толтырылды. Маманның қолы _____ Қабылдау мерзімі _____
Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне 3 қосымша
Отбасының барлық мүшелерінің кірістері туралы анықтама
1. Отбасы мүшесінің Т.А.Ө. _____
Айы I II III IV V VI VII VIII IX X XI XII
Кірістің түрі _____
Кірістің сомасы _____
2. Отбасы мүшесінің Т.А.Ө. _____
Айы I II III IV V VI VII VIII IX X XI XII
Кірістің түрі _____
Кірістің сомасы _____
3. Отбасы мүшесінің Т.А.Ө. _____
Айы I II III IV V VI VII VIII IX X XI XII
Кірістің түрі _____
Кірістің сомасы _____
Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____
Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне 4 қосымша
20 _____ жылғы _____ бойынша тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер төлемдерінің шығындары анықтама
Төлеуші _____ (пәтер иесінің (жалдаушы) Т.А.Ө.) Мекенжайы _____ Жалпы ауданы _____ шаршы метр. Бөлме саны _____ Үйдің жалпы сипаттамасы _____ (жалпы немесе балондық газ, ыстық сумен қамтамасыз ету)
Төлем түрлері Қызмет саны Жеке шоттың нөмірі
1. Тұрғын үйді ұстау шығындары (ПИК, ПИТК)
2. Жылыту жүйесі,

Құттықтаймыз!

Баршын ауылының тұрғыны Мирас пен Мөлдірді аталар салған ақ жолмен отау тігіп, шаңырақ көтергелі отырған Заңды некелерімен шын жүректен құттықтаймыз. Жас жұбайларға ақ некелерін мәңгі болып, әулетке қосылған жас отаудың бақыты баянды, қуанышы ұзақ, дастарқаны берекелі болып, босағасы берік шаңырақтың астында бақыт-шаттыққа кенеліндер демекпіз!

Мирас-Мөлдір сынындасың уақыттың,
Ғұмыр өтсін, қуанышпен атып күн.
Ата-ананың жолын берсін сендерге,
Айналыңдар базарына бақыттың.

Дейміз дәйім бұл бақыт ортаймасын,
Жүздеріңнен әрқашан нұр таймасын.
Керегені кернесін шаттық сыймай,
Шаңырақта тек қана той тойлансын!

Ізгі ниетпен тілек білдірушілер: Ахметовтар әулеті,
Киевка кентінен.

Бірімізге бала, бірімізге бауыр, аға болып отырған Байтуған ауылының тұрғыны Бекмағамбетов Бейбіт Кәрімтайұлымен келіміз Айнагүлді қараша айының 6-сы күні ақ отау тігіп, шаңырақ көтерейін деп отырған үйлену тойларымен құттықтаймыз. Ауылымыздың 90 жылдығымен қатар өткелі жатқан бұл той құтты болсын! Жас жұбайларға ақ некелері мәңгі болып, бақыт пен шаттыққа кенеле беріндер демекпіз!

Жас дәуренмен жайнаған сәттерінде,
Қадам басып тұрсыңдар тәтті өмірге,
Бірің болып отбасы ер көңілді,
Айналасын біреуің ақ келінге.

Сезім толсын жастардың жүрегіне,
Ананың айналып тірегіне.
Ақ отауға бақ толсын, бақыт келсін,
Жеткізсін армандаған тілегіне!

Ігі ниетпен : анасы – Несіп, әпке-жездесі: Айнұр-Ермек, аға-жеңгесі:
Қайрат-Айгүл, қарындастары: Бибінур, Гүлнұр, Жәніел, Айару,
жиендері: Ғани, Нұрасыл № 541

**О лодях хороших****О ДЕВУШКЕ С КРАСИВОЙ ДУШОЙ**

Около десяти лет назад мы с мужем решили заняться предпринимательской деятельностью, открыв магазин «Восток». В один прекрасный день в магазин зашла молоденькая девушка, тихая, спокойная, с красивыми, добрыми глазами, согласившаяся на наше предложение остаться здесь работать. С первых минут ее пребывания на рабочем месте магазин засверкал яркими красками: стало уютно, тепло и чисто. Ее легкой рукой товар нашел более удобное место. Не имея знаний о том, как повысить продажу, она с легкостью реализовывала товар. Поражало ее спокойствие, внимательность и вежливое отношение к покупателю.

Имея мужа, маленькую дочь, дом и хозяйство, она успевала уделять внимание всем, и сама выглядела очень привлекательно. Общий язык мы нашли сразу и по сей день общаемся, работаем душа в душу. Невозможно представить, что за все эти годы не было ни одной претензии в ее адрес. Проработав столько лет, она не утратила энергии и желания работать. Она все такая же скромная, красивая, добрая, аккуратная, вежливая к покупателю, исполняющая свою работу на «отлично».

Наблюдая за ней, я не всегда понимала, о чем думает эта девушка. Когда она молчала, складывалось впечатление, что сердится на что-то, но на самом деле она просто выполняла свою работу и слушала. Выгляда несмелой и робкой, она имеет огромный внутренний резерв. Не рассчитывая на какое-то необыкновенное везение, она достигает успеха упорством и усердием.

А зовут эту девушку – Вика Дернова. Вика, в канун твоего дня рождения хочу, чтобы ты знала, что я дорожу нашими отношениями и очень счастлива, что ты есть у нас. Спасибо тебе за твою доброту, искренность, понимание. Спасибо тебе за то, что ты с нами. Желаю всего самого прекрасного, что есть в жизни!

С уважением,
Виктория Греф

Сағындым, апа өзіңді!

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Сіз арамыздан кеткелі төрт жылдың жүзі болып қалыпты. Иә... бақандай төрт жыл.

Сіздің ажалыңыз мені біразға дейін есеңгіртіп, есімді алғанымен, зырылдап уақыт емдеуге бар әрекет жасайды.

Сіздің жылылыққа толы көзіңіз, жайдары мінезіңіз көз алдымнан елес болып жоғала бастады. Сол бір қаралы күн әлі есімде, кез алдымнан: «Апаң бақилық болды», деп айтқан сөдер көтер емес. 13 сәуір жұма күні болатын сіз отырған көлік суға батып кетті емес пе? Жоқ, әлі сенгім келмейді.

Сізді елдіге санай алмаймын, санағым да келмейді, апашым!

Барлық ауыртпашылықтар мен қиыншылықтар сіздің өміріңізде кітап бөті сияқты. Кітаптың бірінші бетін ашып қалғанда, ең алдымен кіріспе бөлімін оқимыз. Сол сияқты сіздің өміріңіздің алғашқы бетін ашып көрсек, өміріңіздің бастамасы 1978 жылы Мұрат жездеммен отау құруыңыз емес пе? Балаларыңыздың қызығын енді кере бастағанда 1994 жылы 31 қазанда аяулы жан-жарыңыздың бұл дүниеден өтуі, сіздің жесір атануыңыз орны толмас екінші еді. Бірақ сіз мойыған жоқсыз. Балаларыңыздың өкесіз екенін білдіртпей, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай есіруіңіз осының дәлелі. Иә, басыңыздан кептеген қиыншылықтар етті, бірақ ешкімге айтпай шыдап бақтыңыз. Бөрінен де өкініштісі ұлыңыз Амангелдінің 11-сынып бітіруіне бір жарым ай қалғанда жалған жарық күнмен қоштасуыңыз еді. енді мен үшін сіздің ауылыңызға баратын жол жоқ. Еңсемді өзген қайғыны қағазбен қалам арқылы бөлісетінімді енді ұқтым. Сондықтан да сіз туралы жазуға бөлімді бекем будым. Апашым биыл ұлыңыз Нұрсұлтан 11-сынып бітірді. Сол қуанышты күні бола алмағаныңыз екіншісі. Мүмкін ол да өкінетін шығар. Бірақ өкінгенмен өш пайда жоқ. Сіз барған мәңгілік мекенге біз де барамыз. Бірақ қай кезде екені белгісіз. Мұқағали Мақатаевтың:

Өмір дегеніңе тіршілікте, сіре, жетер ме ой,
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.
Бекер ғой бәрі, бекер ғой бәрі-бетен ғой,
Өмір дегенін –бір күндік сәуле екен-ғой!-деп айтқан сөзі рас

екеніне көзім жетті.

Жарқырап алдымыздан шығатын бейнеңіз бір күнде жоқ болып кетті. Мен сізді сағындым, апашым! Жаның жәннатта болсын, аяулы Гүлдерайым апашым!

Манап Азиза,
Қарақойын орта мектебінің
11-сынып оқушысы

Поздравляем

с 60-летием директора ТОО «Шахтерское»

Георгия Георгиевича Прокоп

Желаем Вам здоровья и оптимизма, счастья и благополучия, мирного неба!

Пусть на долгие годы сохраняются Ваша душевная щедрость и горячее стремление оставить добрый след на земле.

С днем рождения
Вас сегодня поздравляя,
Мы желаем Вам от души,
Чтоб много лет

Еще прожить не уставая,
Чтоб эти годы были хороши,
Желаем множества удач,
Желаем молодости вечной,
Пусть все исполнятся мечты,
И счастье будет бесконечным!

С поздравлением : пенсионеры села Шахтерское: В.Янина, Т.Лапитан, А.Лаврина, З. Кажикпарова, М. Мухамеджанова, У.Шаданова, Л.Шушпанова, Г. Бурдыкина, С.Аринова, В. Салоха, Н. Головастая, В.Захарченко, Т.Краснянская. № 522

Поздравляем

с 70 – летним юбилеем

Цельсдорф Нину Петровну

из села Шахтерское

Милую, добрую, самую скромную,
С днем рождения поздравляем!
Счастья, радости желаем.
Мечтать, любить, почаще улыбаться,
Встречать с надеждой новый день,
Будь веселой в этот день,
Платье лучшее надень.
Пусть тебе везет во всем,
Пусть смех детей наполнит дом,
Светит солнышко светлей.
Сердце бьется веселей,
Чтоб душа наполнилась
Песнею желанною,
Чтобы все исполнилось
Жданное – нежданное

С поздравлением дети: Анна-Сергей, Татьяна-Юрий, Лидия-Виктор,
внуки № 542

Дернову Викторю с 30 – летием!

Дорогая Виктория!

Улыбнись веселей – это твой юбилей.
Мы целуем тебя, обнимаем,
Много радостных дней и спокойных ночей,
Долгой жизни, здоровья желаем.
Пусть улыбкой доброй, нежной,
Каждый день для тебя начинается.
Пусть заботы, тревоги житейские
На пути твоём реже встречаются.



С поздравлениями: коллектив магазина:
«Восток» ИП Греф № 538

С 75-летним юбилеем

Дмитрук Александра Григорьевича!

День рождения – прекрасная дата,
Не беда, что уходят года.
Жизнь настолько светла и прекрасна,
Что не стоит грустить никогда.
Все дети на своих ногах,
И всеми ты любим,
А у тебя, в твоих руках
Еще так много сил!
И знаем мы, что ты такой
Один на всей Земле!
Ты классный, добрый, мировой,
Хвала и честь тебе!

С поздравлением: семьи Овчинниковых и Куценко № 543

Дорогую, любимую доченьку Айжан с 18-летием!



У тебя сегодня день рождения –
Это самый радостный из дней.
Пусть вот это поздравление
Тоже будет радостью твоей.
В этот день желаем тебе счастья,
А в жизни – долгих-долгих лет.
Пусть любовь придет к тебе большая
Не на год – на вечность, навсегда,
И пусть будет жизнь твоя, родная,
Светлой, словно родниковая вода.

С поздравлением: папа, мама, братишка:
Кукиных, Махметовых, Ибраевых № 545

Нәсерден соң

Неге өкенін білмеймін, жаңбыр жауса өкі түрлі сөзімде боламын. Жаңбырдың да түрлері бар ғой. Мәселен, көктемгі жаңбыр жылы, қанша сені сабалап ұрса да жұмсақ тиеді бетіңе. Көктемгі жаңбырдан кейін өлсіз де болса көк шөп қылқып шығып, ілезде өлем құлпырып, гүлденеді.

Ал күзгі нәсер ызғарлы. Суық жаңбыр ащы тиеді бетіңе. Суына малынсаң, денөң тоңып, діріл қағасын. Күзгі нәсерден соң жер көгермейді, өйткені мұзы қатып қыс келеді артынша. Тізбектеліп ұшқан сан құсқа үнсіз қоштасқандай боласың. Асыр - салып, ойнақ салған балалардың қарасы да некен-саяң. Олар да күз көрінісін, күз нәсерін үнсіз тамашалап, терезеден сығылап қарауда.

Осындай өсерлі, бейнелі көріністі тамашалап жүрген мен үнсіз қалуды жөн көрмедім.

Көзегімнен күз көлді ауылыма, мұңартып,
Кетті құстар қанат қағып, қоштасып.
«Ән салып, бұтағыма құс қонбайды», деп
Ағаш қалды жалғызсырап, мұңайып.

Сыбдыр қағып, жел өкетті жапырақты,
Жаладаштанып жатыр ағаш бұтағы.
Дала суық, жел қандай ызғарлы,
Еске салды, алыс емес ақ қарды.

Күн суытсын, ызғарлансын мейлі, мейлі,
Адамдардың суымасын, тарылмасын пейілі.
Көзегімнен келетін табиғаттың заңы ғой,
Өр нәрсенің көзегі бар, көзегі бар өкен ғой...

Ажикбаева Гүлнар Назарқызы,
Сарыөзен негізгі мектебінің мұғалімі